

Өскемен қаласындағы тау-кен байыту кешенінің әсерінен пайда болған тарихи радиациялық ластану ошақтарын зерттеуді орындаудың техникалық сипаттамасы

(Лот 12)

ШҚТУ ауданында орналасқан радиоактивті ластану учаскесінде (РЛУ), жалпы ауданы шамамен 3,5 га (УРЗ бұрыштық нүктелерінің координаттары төменде көрсетілген), 1:500 масштабта жерүсті гамма-түсірілімін жүргізу:

49°57'32.83" С, 82°35'15.30" Ш;

49°57'32.07" С, 82°35'21.84" Ш;

49°57'24.10" С, 82°35'23.54" Ш;

49°57'25.45" С, 82°35'14.98" Ш.

ГАЖ жүйесінде (ArcGIS немесе MapInfo) жерүсті гамма-сәулелік түсірілім нәтижелерін камералық өңдеу.

ШҚТУ ауданында орналасқан, ауданы шамамен 3,5 га РЛУ шекарасында жерасты гамма-түсірілімін жүргізу (бұрыштық нүктелердің координаттары жоғарыда көрсетілгендей).

Тереңдігі кемінде 2 м теспелерде немесе ұңғымаларда 1:5000 масштабта жерасты гамма-түсірілімін жүргізу.

Жерасты гамма-сәулелік түсірілім нәтижелерін камералық өңдеу.

Ластанған топырақтың морфологиялық, физикалық және өзге де сипаттамаларын ескере отырып, шпурлардағы гамма-сәулелену қуаты мен радиохимиялық құрамдас бөліктердің жалпы үлестік белсенділігі (альфа және бета) арасындағы корреляция коэффициенттерін анықтау үшін кемінде 20 топырақ сынамасын іріктеу.

Іріктелген сынамалардың жалпы меншікті альфа және бета белсенділігіне зертханалық зерттеу жүргізу.

Камералық деректерді өңдеу және зертханалық зерттеулермен бірге жерасты гамма-түсірілімінің нәтижелерін талдау.

ArcGIS немесе MapInfo ГАЖ жүйесін пайдалана отырып, 0–25 см, 25–50 см, 50–75 см және 75–100 см тереңдік қабаттары бойынша жерасты горизонтының альфа-радиоактивтілік карталарын жасау.

Қазақстан Республикасының санитариялық қағидаларында белгіленген деңгейлерге сәйкес және одан дейін радиоактивті топырақ көлемін бағалау.

Соңғы нәтиже: Өскемен қаласындағы тау-кен байыту кешенінің әсерінен пайда болған тарихи радиациялық ластану ошақтарын зерттеу бойынша есеп.

Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі құрылымдық бөліміне қағаз түрінде келесі құжаттарды ұсынуға міндетті, олар өздерінің тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайды (бірақ тек олармен шектелмейді):

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатып алынатын қызметтер мен жұмыстар түрлеріне қажетті куәліктердің/лицензиялардың және өзге де рұқсат беру құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- әлеуетті жеткізуші персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі бар екендігін растайтын дипломдар, сертификаттар, оқудан және біліктілікті арттырудан өткені туралы куәліктер, куәліктер және т.б.);
- әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету тәжірибесін растайтын және куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері), әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған түрде;
- әлеуетті жеткізушінің мемлекеттік кірістер органдары алдындағы салықтар мен бюджетке міндетті өзге де төлемдер бойынша берешегінің жоктығы туралы бірінші данадағы анықтама;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын құжаттар, бұл құжаттар тиісті конкурста қатысуға өтінім жіберілген күннен кешіктірілмей даталануы тиіс;
- әлеуетті жеткізушінің өндірістік базасының (өндірістік ғимараттар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екендігін растайтын құжаттардың әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы мен мөрімен куәландырылған көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Рахметуллина С.Ж.

Басқарма мүшесі- ғылым және

Конурбаева Ж.Т.

инновация жөніндегі проректор



Бағдарлама жетекшісі



Кожухметов Е.А.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 30.11.2025 жылға дейін.